ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр станциялар, жүйелері мен торанторо
кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.к. доцент Умбетқулов Е.К.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
«2» 06 2016 ж.
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: Қуаттығы 600 МВт атом электр станциясын жобалау

5В071800 – Электр энергетикасы **мамандығы бойынша**

Орындаған Калмамбаев Ерлібек ЭСК-12-1
(аты - жөні) (тобы)

Жетекші т.ғ.к. профессор Хожин Галиль Хожаевич
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер:

Экономикалық бөлім бойынша :
э.ғ.к. профессор Жакупов Алмас Абдрахманович
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «27» 05 2016 ж.

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
доцент Абдимуратов Жубанган Сүйіндікович
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «26» 05 2016 ж.

Мөлшер бақылаушы:
доцент Тергеусизова Марьям Абдумаликовна
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «31» 05 2016 ж.

Пікір жазушы :
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «____» _____ 20____ ж.

Алматы 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр энергетикасы факультеті
5В071800 – Электр энергетикасы мамандығы
Электр станциялары, жүйелері мен торабы кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Қалмақбаев Бүкінбек Ақмұрадұлы
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы Қуаты 600 МВт атом электр станциясын жобалау

ректордың «___» _____№___ бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «___»_____20___ ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

АЭС-600 МВт 20кВ, 110кВ, 220кВ ТТК генераторлық және энергожүйемен қоректену 220кВ байланысады.

Реакторлық бірлік, қуаты 300 МВт екі конденсациялық станция екі 300 МВт турбогенераторлардан тұрады. Ал энергожүйенің мәліметтері: $S_{кз}$ = 1200 МВт және екі ұзындығы l = 40 км желіден тұрады.

Станцияның өзіндік мұқтажына кететін энергия көлемі 6% құрайды.

Ядролық отын ретінде – уран 235 пайдаланады

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

Берілген мәліметтерге сай станцияның электрлік бөлігінде, екі нұсқа бойынша құрылғылық сұлба құрылған одан салыстырылады. Тиімді нұсқа бойынша қосқа жүйелік мұқтаждық жүйесінің сенімсіздік коммутациялық аппараттар таңдалады.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде АЭС-тың қорғаныш аралық жері қарастырылған. Берілген мәліметтер бойынша станцияның электрлік бөлігіне талдау және талдауға жарықтандыру жүргізіледі.

Экономикалық бөлімде станцияның құрылыс сметасы және өзін-өзі ақтау мерзімі көрсетілген.

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

1. АЭС-тың құрылымдық сұлбасы.
2. Құрылымдық сұлбаның алмастыру сұлбасы.
3. Құдағы 500 кВ-тық алаңы электр аппаратының бас электр сұлбасы
4. Электр станцияның бас жобасы

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

1) Хожин Т. Х. Электроэнергетика ("Электр станциялар бөлімі"): оқулық. Алматы: ҚСШС РПБК "Дәуір", 2011 – 416 б.
2) Хожин Т. Х. "Электр станциялар мен қосалқы станциялар", Оқулық, Алматы, 2014 – 492 б.
3) Рожкова Л. Д., Козулин В. С., Электрооборудование станций и подстанций: учебник для техникумов. – 3-е изд., перераб. И доп. – М.: Энергоатомиздат, 1987. – 648 с.

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
Өмір тіршілік қауіпсіздігі	Абдимуталов Ж.С.	01.02 – 26.05	
Экон. часть	Шакутов Д.А	08.02 – 27.05 16	
Норма контроль	Тергеуизова М.А	28.05.16 – 31.05	

Диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	Дипломдық жобаны орындауға керекті материалдарды жинау	19.01.16 - 21.02.16	
2	Электротехникалық бөлігі	23.02.16 - 04.04.16	70
3	Үнемдеу бөлігі	06.04.16 - 11.04.16	5
4	Қауіпсіздік және өмір тіршілігінің эректі бөлігі	13.04.16 - 18.04.16	5
5	Сөзу материалдары	20.04.16 - 02.05.16	15
6	Дипломдық жұмыстың түсіндірме жобалық орындау	04.05.16 - 16.05.16	5
7	Дипломдық жұмыстың алдын-ала қорғау	23.04.16 - 12.05.16	
8	Дипломдық жұмыстың қорғау	2016 жылы мамырдың айы	100 %

Тапсырманың берілген уақыты «_____» _____ 20___ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ т.ғ.к. доцент Жибекқулов Д.К.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі _____ т.ғ.к. профессор Хожин Г.К.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____ Қалмақбаев Е.А.
(қолы) (аты -жөні)

Аннотация

Содержание дипломного проекта состоит из краткой информации по атомной электростанции (АЭС). Принцип работы АЭС, история развития ядерной энергетики, основные элементы и сравнительное преимущества и недостатки в отличии от других станции.

Для выбора коммутационных аппаратов на станцию, электрической части по структурной схеме разделен и расчитан по двум вариантам. Выбрав наилучший вариант расчитали токи короткого замыкания, соответственно выбрали выключатели и разъединители.

В конце речь пойдет о безопасной эксплуатации АЭС, а также о финансовых затратах при строительство станции и срок его окупаемости.

Annotation

The start of graduation project resumes information about nuclear power plant (NPP). This information consists: the principle of operation of nuclear power plants, the development of the nuclear non- basic elements of nuclear power plants in the Republic of Kazakhstan, as well as the advantages and disadvantages of power are discussed.

The electrical section is separated from the erosion of the block diagram of the two variants.. To select the device switching station at a discount of short circuit in the report, there are two variants, of the transformer compared to the estimated annual consumption. The best of them was selected on the basis of the generator and the power transformer circuit arrangement.

Finally, in connection with the application of safety measures at nuclear power plants and provided a financial plan for the construction of the new station consists of self-justification.

Аңдатпа

Дипломдық жобаның бастамасы атом электр станциясы (АЭС) жөнінде қысқаша мәліметтен тұрады. Сол ақпараттың ішінде АЭС-ның жұмыс істеу принципі, ядролық энергетиканың дамуы, негізгі элементтері, басқа станцияларға қарағанда артықшылықтары мен кемшіліктері және Қазақстан Республикасының АЭС жөнінде талқыланады.

Электрлік бөлімде станцияның коммутациялық аппараттарын таңдау үшін құрлымдық сұлба бойынша екі нұсқанға бөлініп есептелген. Тиімді нұсқаның таңдалуымен қысқа тұйықталу тоқтары есебі жүргізіліп, сәйкесінше ажыратқыштар мен айырғыштар таңдалды.

Соңында АЭС-ны қолдануға байланысты қауіпсіздік шаралар жөнінде және салудың қаржылық жоспары көрсетіліп, жаңа салынған станция өзін-өзі ақтау мерзімімен аяқталады.

Мазмұны

Кіріспе..... 7
1 Атом электр станциясы..... 8
1.1 Атом электр станция дегеніміз не..... 8
1.2 Ядролық энергетиканың дамуы..... 9
1.3 АЭС-ның негізгі элементтері (құрлымы)..... 10
1.4 Атом электр станциясының салыстырмалы артықшылықтары мен кемшіліктері..... 12
1.5 Атом электр станция Қазақстанда..... 13
2 Электрлік бөлім..... 14
2.1 Бірінші нұсқа үшін қуат балансын есептеу..... 15
2.2 Трансформаторларды таңдау..... 21
2.3 Бірінші нұсқа бойынша трансформаторларының электр энергиясының жылдық шығынын есептеу..... 23
2.4 Екінші нұсқа үшін қуат балансын есептеу..... 26
2.5 Трансформаторларды таңдау..... 30
2.6 Екінші нұсқа бойынша трансформаторларының электр энергиясының жылдық шығынын есептеу..... 31
2.7 1-ші және 2-ші нұсқаларды технико-экономикалық салыстыру... 33
2.8 Қысқа тұйықталу токтарын есептеу..... 35
2.9 Ток және кернеу трансформаторларын таңдау..... 53
2.10 Electronics Workbench бағдарламасы бойынша қысқа тұйықталу токтарын шығару..... 55
3 Өмір тіршілік қауіпсіздігі 58
3.1 Қазақстанда атом энергетикасының жағдайы..... 58
3.2 АЭС-қа табиғи және техногендік сипаттағы әсерлер..... 58
3.3 АЭС та жарылыс қаупі (жарылыс түрлері және сипаты)..... 59
3.4 Станцияның диспетчерлік бөлмесіндегі (12*8*3) табиғи жарықтануға есеп жүргізу..... 60
3.5 АЭС да электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары..... 67
4 Экономикалық бөлім..... 68
4.1 Бизнес план АЭС-600 МВт..... 68
4.2 Электрэнергиясын тұтыну..... 68
4.3 Қаржы жоспары..... 69
4.4 Электр энергиясының шығындарына байланысты ұстанымдарды анықтау..... 70
4.5 Жылдық өндірісті есептеу..... 72
4.6 Өзіндік құнды есептеу..... 72
4.7 Жобаның экономикалық көрсеткіштерін есептеу..... 73
Қорытынды..... 75
Әдебиеттер тізімі..... 76

Кіріспе

Қазақстанның байтақ жерінде Менделеевтің кестесіндегі 99 элементі кездеседі. Бұл да біздің үлкен мақтанышымыз. Себебі елімізде мұнай, көмір, темір, алтын, күміс және тағы басқа да байлықтар жеткілікті. Сол байлықтар қорынан уран бойынша еліміз дүние жүзінен алдыңғы қатарынан орын алады. Алайда оны энергетикалық көзі ретінде тиімді қолдану үшін, атом электр станциясының қажеттілігі байқалады. Сол себепті Қазақстан аумағына 2018 жылы Балқаш көлінің маңайына және Курчатов қаласына АЭС салыну жоспарлануда. Бірақ кейбір сарапшылар АЭС құрлысына қарсылық білдіруде. Осы қойылған үлкен сұраққа жауаб іздеу үшін дипломдық жобамның «қуаты 600 МВт атом электр станциясын» тақырыбын қарастырамын. Себебі бұл мәселе мемлекеттік деңгейде орналады.

Бұл сапарда дипломдық жобаның күрделіліга байқалуы мүмкін себебі атом электр станциясы басқа станцияларға қарағаннан технологияалық процессі өзгеше. Сондықтан станцияның электр қондырғыларын дұрыс таңдап пайдалану арқылы апаттық жағдайды болдырма біздің қолымызда.

Ал атом электр электр станциясында апатық жағдай үлкен қауіпке әкеп соғады. Сондықтан келесі мәселе өмір тіршілігінің қауіпсіздігіне тоқталу тиіс. Ондағы біздің мақсатымыз қауіпсіздік шараларын орнату.


Дипломдық жобаның мақсаты тапсырмасы бойынша электр-қондырғыларын таңдау арқылы, электрстанцияны құрлымдық сұлбасын құрамыз. Берілген жүктеме және жүйені электрэнергиясымен қамтамасыздандыру біздің міндетіміз. Сондықтан жүйе мен жүктеменің тұтынылу қуаты мен кернеуін ескере отырып электр қорғаныс аппараттарын таңдау керек. Құрлымдық сұлбаны құрастырғаннан кейін қысқа тұйықталу тоқтарын есептеп сәйкесінше қорғаныс аппараттарын орнатамыз.

Атом электр станциясы салу жоспары мемлекеттік іс болғандықтан қаржы мәселесіне де үлкен көңіл бөліну тиіс. Энергетиканың тиімді пайдалану халықтың, елдің және мемлекеттің болашағы.

1 Атом электр станциясы

1.1 Атом электр станция дегеніміз не

Атом электр станцясы — атом ядросының энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғы. АЭС ядроның нейтрондармен әсерлесуінен туатын энергия көмегімен жұмыс істейді. Ядролық реакторда жылу шығарғыш элемент — цилиндр немесе пластинка түріндегі ядролық отын, нейтрондарды баяулатқыш және бөлінген жылуды тасушы (су, газ, сұйық металдар) заттар орналасады. Реакторда бөлінген жылу жылуалмастыру қондырғысына беріледі. Соңғы екі қондырғы АЭС-ның ішкі тұйық контурын құрайды. Жылуалмастырғыш арқылы жылу сыртқы контурға бу түрінде беріледі. Бу турбинаны қозғап, электр генераторын жұмысқа келтіреді. Осы заманғы АЭС-ларындағы турбиналар аса қыздырылған бумен жұмыс істейді. Ядролық отын ретінде уран (233U, 235U, 238U), плутоний (239Pu), торий (232Th) изотоптары пайдаланылады. Бұлардың жылу шығарғыштық қабілеті өзара бірдей, ал кәдімгі отыннан (көмір, мұнай, газ) бірнеше млн. есе артық. Өндірілген ядролық отын реактор қондырғысына ораналастырады. Реакторда отыннан жоғары температура алу үшін бөліну процессі жүреді. Бөліну реакциясының үздіксіз жүріп отыруына қажет ядролық отынның ең аз мөлшері кризистік масса деп аталады. Реактордың типіне, конструкциясы мен отынның түріне қарай 1 килограммнан ядролық отын уран, плутоний немесе торийдан 2000 – 3500 тоннаға дейін жетеді көмір және мазут жағылатын энергия көлемін алуға болады [Ә5].



1.1 сурет - АЭС ғимаратының орналасу сұлбасы

Суретте көрсетілген: 1-реактор кеңістігі; 2-машина залы; 3-трансформатор алаңы; 4-түсіру каналы(жабық); 5-насостық станса; 6-су келтіргіш канал(ашық); 7-ОРУ; 8-ОРУ қалқаны; 9-біріккен көмекші корпус; 10-дизель-электр стансасы; 11-арнайы су дайындау ғимараты; 12-административтік-тұрмыстық комплекс [Ә11. 17 бет.].

1.2 Ядролық энергетиканың дамуы

Ядерлық физиканын бастамасы желтоқсан айының 1895 жылы В.К. Рентген жұмыстарынан көрінеді. Ал 1896 жылы Г.А. Беккерель уран өздігінен көрінбейтін сәуле шығаратынан аңғарды. Осы арадан бастап 1895-1940 жылдар аралығында атомдық физика мен ядерлық энергетика өзінен кең дамуын бастады. Бұл салада Альберт Эйнштейн, Нильс Бор, Макс Планк, Эрнест Резерфорд , Игорь Курчатов және т.б. ғалымдар үлкен еңбек сіңірген.

Ең алғаш тізбекті ядролық ыдырау 1942 жылы 2 желтоқсанда Чикаго университетінде өтті. Ал 1951 жылы бірінші электроэнергетикалық көзі ретінде Айдахо зертханасында тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Ондағы алынған энергетикалық қуат 100 кВт болды.

1940 жылдары атом энергетикасын бейбітшілк мақсатында қолданылуы ұсынылды, әрине қолданыс саласы электроэнергия көзі өндіру болып табылды. И.В. Курчатов партиялық мүшелер комитетімен атом энергиясын электрэнергиясын өндіруге 1948 жылы алғаш жұмыстар жүргізіле бастады. 1950 жылы мамыр айында Обнинск елді мекенінде (Калужская обл.) АЭС салына басталды. Ең алғашқы индустриялық атом электр станцисы 1954 жылы 27 маусымда Обнинск қаласында іске қосылды. Оның қуаты 5МВт жетті. Осы сәттен бастап әлемде атомдық элетр станция кең дами бастады. Мәселен :


- 1956 жылы Ұлыбритания мемлекетінде Колдер-Холл қаласында қуаты 46 МВт АЭС іске қосылды.
- 1957 жылы Америка Құрама Штаттарында Шиппингпорт қаласында қуаты 60 МВт АЭС іске қосылды.
- 1958 жылы Сібірде қуаты 100МВт АЭС іске қосылып бір жуырда қуатын 600 МВт дейін жеткізді.
- 1964 жылы Заречный қаласында И.В. Курчатов атындағы қуаты 600МВт Белоярск атом электр станциясы (БАЭС) іске қосылды.
- Ал алғаш КСРО мемлекетінде 1964 жылы Нововоронежск облысында өндірістік АЭС іске қосылды.
- 1973 жылы Ленинградск қаласында қуаты 925МВт АЭС іске қосылды.
- Ал отанымызда ең алғаш өндірістік атом электр стнциясы 1972 жылы Маңғыстау облысында Ақтау қаласының жанында орналасты. Оның қуаты 350 МВт және бір блоктан тұрып лездік нейрондар БН-350 құралды.

Ядролық энергия көзі дамуының бастамасы кәзіргі таңда қарқынды көрінеді, өйткені уран, плутоний және торий қорлары кем дегенде 100 жылға жететін қорлары анықталған. Оның негізгі географиялық запасы Қазақстанда,

Австраляды және Канада мемлекеттерінде байқалады.Сонымен қатар кәзіргі таңда атомдық өнеркәсіп ары қарай дамуда [Ә1. 5-13 бет. Ә12. 25 бет.].

1.3 АЭС-ның негізгі элементтері (құрлымы)

Атом электр станциясы өте күрделі құрылыс жиынтығы. Оның негізгі қондырғысы – реактор.



1.2 сурет - Атом электр станциясының жұмыс істеу принципі.

Ядролық реактор – атом ядросы бөлінуінің басқарылатын тізбекті реакциясын жүзеге асыратын құрылғы. Оның негізгі бөліктеріне: ядролық отын (уран, плутоний), баяулатқыш, шағылдырғыш, суытқыш, бақылау және өлшеу приборлары жатады. Ядролық реактор атом ядроларының бөлінуіне себепші болатын нейтрондардың энергетикалық спектріне қарай: шапшаң нейтрнды жылулық не баяу және аралық нейтрондар реакторы болып, ал баяулатқыштағы ядролық отынның таралу сипатына сәйкес гомогенді және гетерогенді ядролық реактор болып ажыратылады. Ядролық реактор кейде пайдаланылатын баяулатқышына (графит, бериллий, ауыр су, т.б.) не суытқышына қарай да бөлінеді.

Атомдардың ядроларын бөлетін немесе біріктіретін реакциялар арнайы қондырғыларда орындалады. Атом реакторларындағы ядролық реакциялар басқарылатын жолмен іске асырылады.

Ең бірінші қолдан басқарылатын ядролық реактор АҚШ-тың Чикаго қаласының іргесінде Э. Фермидің басшылығымен 1942 жылдың 2 желтоқсанында іске қосылды. Екінші реактор, бұдан үш жыл өткен соң, КСРО-да Москва түбіндегі Серпухов қаласында И. В. Курчатовтың басшылығымен салынды.

Тізбекті реакция үздіксіз орындалуы үшін ядролық материалдың (уран, плутоний, торий) белгілі бір массасы болуы керек. Егер ядролық отынның массасы аз болса, онда нейтрондар өз жолында жеткілікті мөлшерде

жарылатын ядроларды кездестірмейді де, сыртқы ортаға тарап кетеді. Сөйтіп, ядролық тізбекті реакция жүрмей қалады.

Тізбекті бөліну реакциясына қажетті ядролық материалдың ең аз массасын сындық масса дейді.Уран-235 изотопы үшін сындық масса 23 килограмдай болады. Бұл — диаметрі 13 см болатын біртұтас уран кесегі. Оны жеке-жеке бөлік түрінде орналастырады. Әр бөліктің массасы сындық массадан кіші болады.

Қазір көптеген елдерде әртүрлі ядролық реакторлар бар. Олар практикалық мақсаттарда, ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданылумен қатар, атом электростанцияларының да негізі болып табылады.

Ядролық реактордың негізгі бөлігін белсенді аумақ (активті зона) құрайды. Белсенді аумақ жылу шығарғыш элементтер (ЖШЭ) деп аталатын ядролық отынмен толтырылған таяқшалардан, оларды айнала қоршап тұрған графит тежегіштерден тұрады. ЖШЭ-ді айнала жылу тасығыш сұйықтар ағып өтетін түтіктер орналасқан. Жылу тасығыш қызметін су немесе сұйық металл - натрий атқарады.

Нейтрондардың сыртқы ортаға ұшып шығуын азайту үшін белсенді аумақты нейтрон қайтарғышпен қаптайды. Сыртқы ортаны аса қауіпті сәулелерден қорғау үшін нейтрон қайтарғыштың сыртын калың болат сауытпен және биологиялық бетон қорғанмен қоршайды.

Тізбекті реакцияны қопарылысқа жеткізбей басқарып отыру үшін белсенді аумаққа дер кезінде енгізуге болатын басқарушы және апаттық (авариялық) таяқшалар да реактордың негізгі құрамдас бөлігі болады. Бұл таяқшалар нейтрондарды жұтып алатын заттардан жасалады.

ЖШЭ таяқшаларындағы ауыр элементтердің (уранның, плутонийдің, торий) ядролары бөлінгенде пайда болатын бөлшектер зор кинетикалық энергияға ие болады. Сондай-ақ, ядродан босаған энергияның біраз бөлігі кванттардың электромагниттік энергиясына айналады. Бұл бөлшектер белсенді аумақта өзара және басқа да материалдармен бейберекет соқтығысуы салдарынан бірте-бірте тежеледі. Сөйтіп, олардың кинетикалық энергиясы мен сәулелік энергиясы жылу энергиясына айналады.

Белсенді аумақтағы артық жылу мөлшері жылу тасығыштарға беріліп, оларды буландырады. Жоғары қысымдағы бу электр энергиясын өндіретін бу турбиналары мен генераторларға беріледі.

Осылайша реакторларда бөлінген атом ядросының ішкі энергиясы туынды бөлшектердің кинетикалық және электромагниттік энергиясына, ал ол энергия жылу энергиясына, жылу энергиясы электр энергиясына айналады [Ә1,2,3,4,5].

1.4 Атом электр станциясының салыстырмалы артықшылықтары мен кемшіліктері

Атом электр станциясының басты артықшылығы экологиялық тазалық пен отынның тасмалдауға ыңғайлы болуы. Экономикалық көрсеткіштері жағынан атом электр станциялары жылу электр станцияларына қарағанда біршама төмен, алайда оларды жергілікті отын ресурстарымен жабдықтай алмайтын жерлерде салғанда, атом электр станциясындағы энергия құны ЖЭС-тің құнынан артық емес.

Атом электр станцияларының өзіндік мұқтаждары жұмыс барысында асқан сенімділікті талап етеді. Міне, сондықтан көпшілік мақұлдаған жылу электр станцияларының өзіндік мұқтаж қондырғылары резервтеуден басқа, атом электр станцияларында резервті (сенімділік) дизель - генератор қондырғылары, ол кәдімгі өзіндік мұқтажды қамсыздандыру жүйесін шапшаң түрде қосуға қол жетпеген жағдайда іске қосылады. Сонымен қатар, атом электр станцияларында аккумулятор батареясын орнату ісі қарастырылды, ал ірі атом электр станцияларында тұрақты ток қозғалтқыштары бар өзіндік мұқтаждың жауапты тұтынушыларын жабдықтайтын екі батареяны қою ісі жүзеге асырылады.

Атом электр станцияларының бірінші контурының өзіндік мұқтаждар қондырғыларының ерекшеліктері - атом электр станциясы технологиялық процесінің қарастырылған сұлбаларынан көрінеді.

Атом элекгр станцияларының артықшылықтары:

1) Жоғары қуатты болуы.

2) Отынның шығыны аз мөлшерде. Бір тонна ураннан бірнеше миллион тонна баррель мұнайдан немесе бірнеше миллион тонна көмірден алынатын энергиядан көбірек энергия алуға болады.Осыған орай:

- станцияның көлемі кіші болады;
- станцияға ядролық отынның тұрақты тасмалдауы керегі жоқ;
- географиялық кез-келген жерде, соның ішінде таулы жерде салынады;
- сыртқы қатардағы факторлардан тәуелсіз. Өзіндік режімі автономиялы.

3) Тынушылардың ерікті графигімен жұмыс істеуі мүмкін.

4) Экологиялық тазалық. Атмосфераны бәсеңдеу ластайды, радиоактивтік газдары мен аэрозолы шамалы, санитарлық мөлшерден асып түспейді. Осы тұрғыдан қарағанда АЭС-ы, ЖЭС-нан көбірек болып шығуы мүмкін.

5) Ядролық энергия - бұл мұнайдың және көмірдің қорлары таусылғанда электр тоғын алу үшін қолданылатын энергия көзі.

Атом элекгр станцияларының кемшілігі:

1) Авария қауыпі. АЭС-да ядроның бөлшектену процесі кезінде апаттар болуы мүмкін, нәтижесінде жарылыс болып, көп мөлшердегі радиация қоршаған ортаға бөлінеді. Станцияның жойылу қаупі.

2) Атомдық өнеркәсіптің қалдықтары радиация шығаратын болғандықтан өте қауіпті. Олармен қатынаста болған адамдар тіпті өліп кетуі де мүмкін.

3) Ядролық реакторды небәрі 40-50 жыл ғана қолдануға болады.

4) Тұрақты радиациялық фон.

5) Атмосфераға үлкен көлемде жылудың бөлінуі.

6) Агрегаттардың конструкциялық күрделілігі. Қондырғылар мен жабдықтарды жөндеудің күрделілігі. Станцияны салудың қиындығы.

7) Радиоактивті қалдықтар [Ә2. 700 бет. Ә6.].

1.5 Атом электр станция Қазақстанда

Қазақстан энергетикалық ресурсқа (мұнай,газ,көмір уран) бай елдердің қатарына кіреді. Минералдық шикізат қорлары Қазақстанның ұлттық экономикасының тұрақты дамуы мен қауіпсіздігінің маңызды кепілі. Мәселен Қазақстанда 200-дей мұнай және газ кен орындары анықталып барланған, оның ішінде 102 мұнай, 29 мұнай-конденсат, 30 мұнай-газ-конденсат, 6 мұнай-газ, 11 газ-конденсат, 19 газ кен орындары бар. Барланған мұнайдың алынатын қоры 2,2 млрд. т, газ – 2,5 трлн./м^3, конденсат – 0,7 млрд. м^3. Қазақстанда мұнайдың болжамдық қорлары 20 – 25 млрд. т деп бағаланады. Соның қатарында Қазақстан кен байлығының бірі – уран. Атом электр станциясын салуына байланысты, уран кен орындары ескеруіміз қажет [Ә5].

Қазақстан аумғындағы барлық электр станциялардың орнатылған қуатының қосындысы 18 992,7 МВт құрайды. Өкінішке орай бірталай электр станциялары орнатылған қуатқа толық өндірмейді, сондықтан елімізде электрэнергиясын импорттауға мүмкіндік береді. Кәзіргі таңда Республикамыздан өндірілген электрэнергия Қырғыстан және Ресей мемлекеттеріне сатылуда. Ал өндірілген электрэнергиясы электр станцияның түріне бйланысты келесіде пайызбен бөлуге болады:

1) ЖЭС – елімізде 75 – 87,7% элетрэнергиясы жылудың негізінен алынады. Соның ішінде:

- КЭС (кондесациялық электр станция) – 45 – 48,9 %;
- ЖЭО (жылу электр орталық) – 35 – 36,6 %;
- ГТЭС (газ турбиналы электр станциясы) – 2,3 %.

2) Ал қалған 10 – 12,3% электрэнергиясы су электр станция (СЭС) мен жел электр станцияларынан өндіріледі (ЖЭС).

ЖЭС – дың 70% отын ретінде көмірді қоладанады, ал қалған 14,6% - судың күшімен және 15,4% - газды және мұнайды жағудың негізінен алынады. Елімізде электрэнергияны ірі көлемде өндірілетін 37 жылу электр станциялары бар.

Ең алғаш Қазақстан аумағында атом электр станциясы 1978-1999 жылдары аралығында жұмыс істеді. Оның орнатылған қуаты 350МВт болды. Ол Манғыстау обылысында Ақтау қаласында орналасқан. Станцияның негізгі мақсаты суды тазартып халыққа беру үшін жасалды. Қазақстан уран қорына бай болағанына қарамастан кәзіргі кезде станция жұмыс істемейді.

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігінің (орыс. МАГАТЭ) есебі бойынша Қазақстан аумағында 900 тоннадан астам уран қоры бар.

Негізгі салымдары оңтүстік Қазақстан обылысында (ОҚО), Қызылорда обылысында, Маңғыстау және Семізбай ауданында (СҚС) табылған.

Кәзіргі таңда қуаты 600МВт атом электр станциясы салынуды жоспарлап отыр. АЭС салуға мақұлданғанымен кейбіреулері қарсылық білдіруде, себебі Чернобль мен Фукусимо – 1 апатынан кейін халқы әлі күнге дейін қиыншылығын шолуда.

Дегенімен 2018 жылда Қазақстанда екі АЭС салынуды жоспаралап отыр. Оның географиялық орналасуы:

1) Курчатов – шығыс Қазақстан обылысында салу.
2) Улкен – Алматы облысы Балқаш көлінің маңайына [Ә5].

2 Электрлік бөлім

Дипломдық жобаның электрлік бөлімін 2 – нұсқаға бөліп жасауға болады. Бұл жағдайда қайсы электрлік сұлба тиімді жұмыс жасайтынын салыстыра аламыз.

Берілгені:

Қуаты 600 МВт атом электр станциясының қуат өндіру графигі және ТҚ 110кВ және ТҚ 220кВ жүктемені кесте бойынша есептеу керек.

Генераторлардың саны мен қуаты: 2х300, МВт;

Өзіндік мұқтаж: 6 % ;

Орта кернеу шинасына түсетін максималды жүктеме қуаты : 200 МВт;

Энергожүйемен байланысқан кернеу: 220 кВ;

Энергожүйемен байланысатын желінің саны және ұзындығы: 2х40 шт/км;


Қолданылатын отын қоры – уран 235.

2.1 кесте - Станцияның жұмыс істеу уақыты

Уақыт	0-12	12-20	20-24
Қыс	85 %	100 %	85 %
Жаз	65 %	85 %	65 %

2.1 Бірінші нұсқа үшін қуат балансын есептеу

1-ші нұсқа бойынша АЭС-ның құрлымдық сұлбасын келесі түрде алуға болады.



2.1 сурет - 1-ші нұсқа бойынша АЭС-ның құрлымдық сұлбасы

Станцияда электр өндірілу процессі генертордан басталады. Берілген шарт бойынша генераторды таңдауға толық қуаты келесі формуламен анықталады $Г_1$,$Г_2$:

$$S_{ген} = \frac{P_{ген}}{\cos\varphi} = \frac{300}{0{,}85} = 352{,}9MBA\,. \qquad (2.1)$$

Өндірілетін қуатқа байланысты ТГВ – 300 – 2У3 генераторын таңдауға болады.Таңдалған турбогенератордың параметрлерін 2.2 – кестеге енгіземіз.

2.2 кесте - ТГВ – 300– 2У3 типті турбогенератордың параметрлері [Ә12]

Генератордың түрі	$P_{ном}$, М $S_{ном}$, М	Статордың номин. кернеуі,кВ	Статордың тоғы,кА	Cosφ	Индукт. асқын кедергі ,x''_d	Қоздыру жүйесі	Салқындату жүйесі		Салмағы , т	
							Статор	Ротор	Жалпы	Ротор
ТГВ-300-2У3	300 МВт 353МВА	20	10, 2	0,85	0,195	БЩ	НВР	НВР	321,8	55,8

1. Электр станциялармен әрбір мезгілде өндірілетін энергия, сол уақытында пайдалану керек. Пайдалану графигі үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан Г1,Г2 генераторларының әр мезгілде өндіретін қуаты әр түрлі болады.

Қыс: Жаз:

$$P_{Г1+Г2}^{0-12} = \frac{300 \cdot 85\%}{100} = 255\ МВт; \qquad P_{Г1+Г2}^{0-12} = \frac{300 \cdot 65\%}{100} = 195\ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{12-20} = \frac{300 \cdot 100\%}{100} = 300\ МВт; \qquad P_{Г1+Г2}^{12-20} = \frac{300 \cdot 85\%}{100} = 255\ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{20-24} = \frac{300 \cdot 85\%}{100} = 255\ МВт. \qquad P_{Г1+Г2}^{20-24} = \frac{300 \cdot 65\%}{100} = 195\ МВт.$$

2. Кез-келген электр станцияларында өзіндік мұқтаж қуаты тұтынылады. Өзіндік мұқтаж (өм) қуаты станцияны жарықтандыруға, электр қозғалтқыштарға және т.б. электр қондырғыларына жұмсалады. Біздің жағдайда өм 6% құрайды.

$$P_G^{t_0-t_n} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{P_i(t)}{P_{белг}}) \cdot P_{о.м.\max}, \qquad (2.2)$$

мұндағы: $P_i(t)$ - t уақытта станцияның шинаға беретін қуаты, МВт;

$P_{белг}$ - станцияның белгіленген қуаты , МВт;

$P_{о.м.\max}$ - өзіндік мұқтаждықтың максималды қуаты.

Қыс:

$$P_{Г1+Г2}^{0-12} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{255}{300} \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 15{,}3 \ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{12-20} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{300}{300}) \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 18 \ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{20-24} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{255}{300}) \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 15{,}3 \ МВт.$$

Жаз:

$$P_{Г1+Г2}^{0-12} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{195}{300} \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 11{,}7 \ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{12-20} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{255}{300}) \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 15{,}3 \ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{20-24} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{195}{300}) \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 11{,}7 \ МВт.$$

3.Трансформаторлардың Т1, Т2 жүктелуі:

Қыс:

$$P_{Т1+Т2}^{0-12} = 255 - 15{,}3 = 239{,}7 \ МВт;$$

$$P_{Т1+Т2}^{12-20} = 300 - 18 = 282 \ МВт;$$

$$P_{Т1+Т2}^{20-24} = 255 - 15{,}3 = 239{,}7 \ МВт.$$

Жаз:

$$P_{Т1+Т2}^{0-12} = 195 - 11{,}7 = 183{,}3 \ МВт;$$

$$P_{Т1+Т2}^{12-20} = 255 - 15{,}3 = 239{,}7 \ МВт;$$

$$P_{Т1+Т2}^{20-24} = 195 - 11{,}7 = 183{,}3 \ МВт.$$

4. 110 кВ-тағы жүктеме:

Қыс:

$$P_{110кВ}^{0-12} = \frac{200 \cdot 85\%}{100} = 170 \ МВт;$$

$$P_{110кВ}^{12-20} = \frac{200 \cdot 100\%}{100} = 200 \ МВт;$$

$$P_{110кВ}^{20-24} = \frac{200 \cdot 85\%}{100} = 170 \ МВт.$$

Жаз:

$$P_{110кВ}^{0-12} = \frac{200 \cdot 65\%}{100} = 130 \ МВт;$$

$$P_{110кВ}^{12-20} = \frac{200 \cdot 85\%}{100} = 170 \ МВт;$$

$$P_{110кВ}^{20-24} = \frac{200 \cdot 65\%}{100} = 130 \ МВт.$$

5. Автотрансформатор орамының 110 кВ-қа жүктелуі, МВт.

Қыс: Жаз:

$P_{АТЗ}^{0-12} = 255 - 15{,}3 - 170 = 69{,}7\ МВт$; $P_{АТЗ}^{0-12} = 195 - 11{,}7 - 130 = 53{,}3\ МВт$;

$P_{АТЗ}^{12-20} = 300 - 18 - 200 = 82\ МВт$; $P_{АТЗ}^{12-20} = 255 - 15{,}3 - 170 = 69{,}7\ МВт$;

$P_{АТЗ}^{20-24} = 255 - 15{,}3 - 170 = 69{,}7 МВт$. $P_{АТЗ}^{20-24} = 195 - 11{,}85 - 130 = 53{,}3 МВт$.

6. Автотрансформатор орамының 220кВ-қа жүктелуін қалыпты режимде қажеттілігі жоқ. Себебі Г1 генераторы жүктемені толығынан қанағаттандырады, ал қалған қуатты 110-220 кВ орамдарына артады. Бірақ апаттық режимде Г1 генераторы немесе Т1 трансфарматоры істен шықса онда 220кВ автотрансформатор орамына $P_{макс.}$ = 200 МВт қуаттынан артық қуат жүктелмейді. Г1 генераторы немесе Т1 трансфарматоры істен шықан жағдайда автотрансформатор 220кВ жүктеліу:

Қыс: Жаз:

$P_{АТЗ}^{0-12} = 255 - 15{,}3 - 69{,}7 = 170\ МВт$; $P_{АТЗ}^{0-12} = 195 - 11{,}7 - 53{,}3 = 130 МВт$;


$P_{АТЗ}^{12-20} = 300 - 18 - 82 = 200\ МВт$; $P_{АТЗ}^{12-20} = 255 - 15{,}3 - 69{,}7 = 170 МВт$;

$P_{АТЗ}^{20-24} = 255 - 15{,}3 - 69{,}7 = 170 МВт$. $P_{АТЗ}^{20-24} = 195 - 11{,}7 - 53{,}3 = 130 МВт$.


2.3 кесте - 1-ші нұсқа үшін қуат балансы (Қалыпты режимде)

Анықталатын параметрлер	Жылдың кезеңі	Уақыт, сағ		
		0-12	12-20	20-24
1. Г1,Г2 өндіру қуаты, МВт	Қыс Жаз	255 195	300 255	255 195
2. Г1,Г2 өзіндік мұқтаж қуаты, МВт	Қыс Жаз	15,3 11,7	18 15,3	15,3 11,7
3. Т1 жүктелуі 110кВ, МВт	Қыс Жаз	239,7 183,3	282 239,7	239,7 183,3
4. Т2 жүктелуі 220кВ, МВт	Қыс Жаз	239,7 183,3	282 239,7	239,7 183,3
5. 110 кВт-тағы жүктеме	Қыс Жаз	170 130	200 170	170 130
6. Автотрансформатор орамының 110 кВ-қа жүктелуі	Қыс Жаз	69,7 53,3	82 69,7	69,7 53,3
7. Автотрансформатор орамының 220 кВ-қа жүктелуі (апаттық жағдайда)	Қыс Жаз	170 130	200 170	170 130


Қуат балансы график түрінде келесідей:



2.2 сурет - АЭС генераторларының қуаттарын өндіру графигі



2.3 сурет - Өзіндік мұқтаж жүктеме қуатының графигі



2.4 сурет - 110 кВ ТҚ-ғы жүктеме графигі

2.2 Трансформаторларды таңдау

Т1,Т2 трансформаторлардың жүктелу қуатын анықтау :

$$S_{T-1,2} \geq \frac{P_{T-1,2}}{\cos \varphi_{НОМ.Г}}; \qquad (2.3)$$

$$S_{T\text{-}1,2} \geq \frac{300}{0{,}85} = 352{,}941\ MBA.$$

Апаттық режимде:

$$S_{T-1,2} \geq \frac{P_{T-1,2}}{1{,}4 \cdot \cos \varphi_{НОМ.Г}}; \qquad (2.4)$$

$$S_{T1,2} \geq \frac{300}{1{,}4 \cdot 0{,}85} = 252{,}1\ MBA.$$

Г1,Г2 генераторларының 20 кВ-тық ТҚ-ның жинақтағыш шинасына ең көп қуатты беретін кезеңі (мезгілі):

$P_{Г1+Г2}^{0-12} = 255 - 15{,}3 = 241{,}35\ MBm$; $S_{Г1+Г2}^{0-12} = 239{,}7/0{,}85 = 282\ MBA$;

$P_{Г1+Г2}^{12-20} = 300 - 18 = 282\ MBm$; $S_{Г1+Г2}^{12-20} = 282/0{,}85 = 331{,}76\ MBA$;

$P_{Г1+Г2}^{20-24} = 255 - 15{,}3 = 241{,}35\ MBm$. $S_{Г1+Г2}^{20-24} = 239{,}7/0{,}85 = 282 MBA$.

Табылған мәліметтерді қолдана отырып, барлық режимдерді (қалыпты және апаттық режимдер) ескере отырып ТДЦ (ТЦ)-400000/220 типті күштік трансформаторларды таңдаған жөн. ТДЦ (ТЦ)-400000/220 трансформатор параметрлерін 2.4 -ші кестеге енгіземіз.

2.4 кесте - ТДЦ (ТЦ)-400000/220 типті күштік трансформатордың параметрлері [Ә12]

$S_{ном}$,МВА	400
Орам кернеуі ЖК ,кВ	242
Орам кернеуі ТК ,кВ	20
Тр-рдың бос жүріс шығыны $P_{хх}$, кВт	280
Тр-рдың қысқа тұйықталу шығыны $P_{кз}$, кВт	870
$U_к$,%	11
$I_х$,кА	0,45

Ал 110 кВ ОКТҚ ТДЦ – 400000/110 трансформаторын таңдаған жөн. ТДЦ (ТЦ)-400000/110 трансформатор параметрлерін 2.5 -ші кестеге енгіземіз.

2.5 кесте - ТДЦ (ТЦ)-400000/110 типті күштік трансформатордың параметрлері [Ә12]

$S_{ном}$,МВА	400
Орам кернеуі ЖК ,кВ	121
Орам кернеуі ТК ,кВ	20
Тр-рдың шығыны $P_х$, кВт	320
Тр-рдың шығыны ЖК-ТК $P_к$, кВт	900
$U_к$,%	10,5
$I_х$,кА	0,45

Жүйе мен жүктеме арасында тоқтардың балансын теңдестіру үшін, аралығына автотрансформатор қою керек.

Авторансформатор келесі шартты қанағаттандыру керек.


$$S_{AT} \geq \frac{P_{AT}}{\cos \varphi_{НОМ.Г}}; \qquad (2.5)$$

$$S_{АТЗ} \geq \frac{200}{0{,}85} = 235{,}294\ MBA.$$

Алынған мәліметтер бойынша АТДЦТН-250000/220/110 типті авто-трансформаторын таңдаған жөн. Автотрансформатордың параметрлерін 2.6-ші кестеге енгіземіз.

2.6 кесте - АТДЦТН-250000/220/110 типті автотрансформатордың параметрлері [Ә12]

$S_{ном}$,МВА	250
Орам кернеуі ЖК ,кВ	230
Орам кернеуі ТК ,кВ	121
Тр-рдың шығыны $P_х$, кВт	220
Тр-рдың шығыны $P_к$, кВт	1050
$U_к$,%	12
$I_х$,	0,3
$S_{нн}$,МВА	500



2.5 сурет - 1-ші нұсқа бойынша АЭС-ның құрлымдық сұлбасы

2.3 Бірінші нұсқа бойынша трансформаторларының электр энергиясының жылдық шығынын есептеу

1-ші нұсқа үшін жылдық шығындар :

Қыс – 190 тәулік, жаз– 175 тәулік (шартты түрде).

АЭС –ның тиімді жұмыс істеуін анықтау үшін және 1-ші, 2-ші нұсқаларын өзара салыстыру үшін ондағы трансформаторлардың шығынын анықтау қажет.

2.7 кесте - ТДЦ (ТЦ)-400000/110 типті күштік трансформатордың параметрлері

Тр-рдың шығыны $P_{БЖ}$, кВт	320
Тр-рдың шығыны ЖК-ТК $P_{кт}$, кВт	900
$U_к$,%	10,5
$I_х$,кА	0,45

Әрбір трансформатордың болаттағы энергияның жылдық шығыны.

$$\Delta W_Б = P_{Б.Ж.} \cdot 8760; \qquad (2.6.)$$

$$\Delta W_Б = P_{Б.Ж.} \cdot 8760 = 320 \cdot 8760 = 2803{,}2 \cdot 10^3 \ кВт \cdot сағ.$$

Трансформатордың мыс орамындағы энергияның жылдық шығыны.

$$\Delta W_М = \frac{P_{КТ}}{S^2_{ном} \cdot \cos^2 \varphi} \cdot (P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot K_у + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot K_у$$

$$+ P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot Ж_у + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot Ж_у) = \frac{900}{400^2 \cdot 0{,}85^2} \cdot (239{,}7^2 \cdot 16$$

$$\cdot 190 + 282^2 \cdot 8 \cdot 190 + 183.3^2 \cdot 16 \cdot 175 + 239{,}7^2 \cdot 8 \cdot 175) = 4673{,}496 \cdot 10^3 \ кВт \cdot сағ.$$

2.8 кесте - ТДЦ (ТЦ)-400000/220 типті күштік трансформатордың параметрлері

Тр-рдың шығыны $Р_{БЖ}$, кВт	280
Тр-рдың шығыны $Р_{кт}$, кВт	870
$U_к$ ҚТ кернеуі ЖК-ТК ,%	11
$I_х$,кА	0,45

Әрбір трансформатордың болаттағы энергияның жылдық шығыны.

$$\Delta W_Б = P_{Б.Ж.} \cdot 8760;$$

$$\Delta W_Б = P_{Б.Ж.} \cdot 8760 = 280 \cdot 8760 = 2452{,}8 \cdot 10^3 \ кВт \cdot сағ.$$

Трансформатордың мыс орамындағы энергияның жылдық шығыны.

$$\Delta W_М = \frac{P_{КТ}}{S^2_{ном} \cdot \cos^2 \varphi} \cdot (P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot K_у + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot K_у$$

$$+ P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot Ж_у + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot Ж_у) = \frac{870}{400^2 \cdot 0{,}85^2} \cdot (239{,}7^2 \cdot 16$$

$$\cdot 190 + 282^2 \cdot 8 \cdot 190 + 183{,}3^2 \cdot 16 \cdot 175 + 239{,}7^2 \cdot 8 \cdot 175) = 4505{,}298 \cdot 10^3 \ кВт \cdot сағ.$$

Енді 1-ші нұсқа үшін автотрансформатор түрі АТДЦТН-250000/220/110 үшін энергиясының жылдық шығыны.

2.9 кесте - АТДЦТН-250000/220/110 кВ автотрансформаторының техникалық деректері

Түрі	$S_{ном}$, МВА		Шығын, тг				Бағасы, тг
	Автот-р	КТ орамы	$Р_{БЖ}$	$U_{тк}$			
				жк-ок	жк-тк	ок-тк	
АТДЦТН-250000/220/110	250	125 100	120	11	32	20	750 000

Трансформатордағы болаттың энергияның жылдық шығыны.

$$\Delta W_{Б} = P_{БЖ} \cdot 8760;$$

$$\Delta W_{Б} = P_{БЖ} \cdot 8760 = 120 \cdot 8760 = 1051{,}2 \cdot 10^{3} кВт \cdot сағ.$$

Трансформатордың мыс орамындағы энергияның жылдық шығыны.

$$P_{КТЖК} = P_{КТОК} = 0{,}5 \cdot P_{КТЖК\text{-}КТОК}; \quad (2.7)$$

$$P_{КТЖК} = 0{,}5 \cdot 120 = 60\ кВт;$$

$$\Delta W_{МЖЖ} = \frac{P_{КТ}}{S^{2}_{ном} \cdot \cos^{2}\varphi} \cdot (P^{2}_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot K_{у} + P^{2}_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)}$$

$$\cdot K_{у} + P^{2}_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot Ж_{у} + P^{2}_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot Ж_{у}) = \frac{60}{250^{2} \cdot 0{,}85^{2}} \cdot (170^{2} \cdot$$

$16 \cdot 190 + 200^{2} \cdot 8 \cdot 190 + 130^{2} \cdot 16 \cdot 175 + 170^{2} \cdot 8 \cdot 175) = 314{,}459 \cdot 10^{3}$ кВт · сағ;

$$\Delta W_{МОО} = \frac{P_{КТ}}{S^{2}_{ном} \cdot \cos^{2}\varphi} \cdot (P^{2}_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot K_{у} + P^{2}_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)}$$

$$\cdot K_{у} + P^{2}_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot Ж_{у} + P^{2}_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot Ж_{у}) = \frac{60}{250^{2} \cdot 0{,}85^{2}} \cdot (69{,}7^{2} \cdot$$


$16 \cdot 190 + 83^{2} \cdot 8 \cdot 190 + 53{,}3^{2} \cdot 16 \cdot 175 + 69{,}7^{2} \cdot 8 \cdot 175) = 53{,}194 \cdot 10^{3}$ кВт · сағ;

$$\Delta W_{М} = \Delta W_{МЖК} + \Delta W_{МОО}; \quad (2.8)$$

$$\Delta W_{М} = (314{,}459 + 53{,}194) \cdot 10^{3} = 367{,}653 \cdot 10^{3}\ кВт \cdot сағ.$$

2.4 Екінші нұсқа үшін қуат балансын есептеу

Берілген параметрлер екі нұсқағада ортақ болады. Мұндағы құрлымдық сұлба келесідей болады:



2.6 сурет - 2-ші нұсқа бойынша АЭС-ның құрлымдық сұлбасы

1. Г1,Г2 генераторларының өндіретін қуаты:

Қыс

$$P_{Г1+Г2}^{0-12} = \frac{300 \cdot 85\%}{100} = 255\ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{12-20} = \frac{300 \cdot 100\%}{100} = 300\ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{20-24} = \frac{300 \cdot 85\%}{100} = 255\ МВт.$$

Жаз

$$P_{Г1+Г2}^{0-12} = \frac{300 \cdot 65\%}{100} = 195\ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{12-20} = \frac{300 \cdot 85\%}{100} = 255\ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{20-24} = \frac{300 \cdot 65\%}{100} = 195\ МВт.$$

1. Өзіндік мұқтаж қуатын есептеу.

$$P_G^{t_0-t_n} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{P_i(t)}{P_{белг}}) \cdot P_{о.м.\max}. \qquad (2.9)$$

Қыс :

$$P_{Г1+Г2}^{0-12} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{255}{300} \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 15{,}3 \ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{12-20} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{300}{300}) \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 18 \ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{20-24} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{255}{300}) \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 15{,}3 \ МВт.$$

Жаз:

$$P_{Г1+Г2}^{0-12} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{195}{300} \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 11{,}7 \ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{12-20} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{255}{300}) \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 15{,}3 \ МВт;$$

$$P_{Г1+Г2}^{20-24} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{195}{300}) \cdot \frac{6\%}{100\%} \cdot 300 = 11{,}7 \ МВт.$$

3.Трансформатордың Т1,Т2 жүктелуі:

Қыс:

$$P_{Т1+Т2}^{0-12} = 255 - 15{,}3 = 239{,}7 \ МВт;$$

$$P_{Т1+Т2}^{12-20} = 300 - 18 = 282 \ МВт;$$

$$P_{Т1+Т2}^{20-24} = 255 - 15{,}3 = 239{,}7 \ МВт.$$

Жаз:

$$P_{Т1+Т2}^{0-12} = 195 - 11{,}7 = 183{,}3 \ МВт;$$

$$P_{Т1+Т2}^{12-20} = 255 - 15{,}3 = 239{,}7 \ МВт;$$

$$P_{Т1+Т2}^{20-24} = 195 - 11{,}7 = 183{,}3 \ МВт.$$

4. 110 кВ-тағы жүктеме:

Қыс:

$$P_{110кВ}^{0-12} = \frac{200 \cdot 85\%}{100} = 170 \ МВт;$$

Жаз:

$$P_{110кВ}^{0-12} = \frac{200 \cdot 65\%}{100} = 130 \ МВт;$$

$P_{110кВ}^{12-20} = \frac{200 \cdot 100\%}{100} = 200\ МВт;$ $P_{110кВ}^{12-20} = \frac{200 \cdot 85\%}{100} = 170\ МВт;$

$P_{110кВ}^{20-24} = \frac{200 \cdot 85\%}{100} = 170\ МВт.$ $P_{110кВ}^{20-24} = \frac{200 \cdot 65\%}{100} = 130\ МВт.$

5. Автотрансформатор орамының 220 кВ-қа жүктелуі, МВт.

Қыс: Жаз:

$P_{АТЗ}^{0-12} = 255 - 15{,}3 - 69{,}7 = 170\ МВт$; $P_{АТЗ}^{0-12} = 195 - 11{,}7 - 53{,}3 = 130\ МВт;$

$P_{АТЗ}^{12-20} = 300 - 18 - 82 = 200\ МВт;$ $P_{АТЗ}^{12-20} = 255 - 15{,}3 - 69{,}7 = 170\ МВт;$

$P_{АТЗ}^{20-24} = 255 - 15{,}3 - 69{,}7 = 170\ МВт.$ $P_{АТЗ}^{20-24} = 195 - 11{,}7 - 53{,}3 = 130\ МВт.$

6. Автотрансформатор орамының 110 кВ-қа жүктелуі, МВт.

Қыс: Жаз:

$P_{АТЗ}^{0-12} = 255 - 15{,}3 - 69{,}7 = 170\ МВт$; $P_{АТЗ}^{0-12} = 195 - 11{,}7 - 53{,}3 = 130 МВт;$


$P_{АТЗ}^{12-20} = 300 - 18 - 82 = 200\ МВт;$ $P_{АТЗ}^{12-20} = 255 - 15{,}3 - 69{,}7 = 170 МВт;$

$P_{АТЗ}^{20-24} = 255 - 15{,}3 - 69{,}7 = 170\ МВт.$ $P_{АТЗ}^{20-24} = 195 - 11{,}7 - 53{,}3 = 130 МВт.$


2.10 кесте - Бірінші нұсқа үшін қуат балансы

Анықталатын параметрлер	Жылдың кезеңі	Уақыт, сағ		
		0-12	12-20	20-24
1. Г1,Г2 өндіру қуаты, МВт	Қыс Жаз	255 195	300 255	255 195
2. Г1,Г2 өзіндік мұқтаж қуаты, МВт	Қыс Жаз	15,3 11,7	18 15,3	15,3 11,7
3. Т1 жүктелуі 110кВ, МВт	Қыс Жаз	239,7 183,3	282 239,7	239,7 183,3
4. Т2 жүктелуі 220кВ, МВт	Қыс Жаз	239,7 183,3	282 239,7	239,7 183,3
5. 110 кВт-тағы жүктеме	Қыс Жаз	170 130	200 170	170 130
6. Автотрансформатор орамының 110 кВ-қа жүктелуі	Қыс Жаз	170 130	200 170	170 130
7. Автотрансформатор орамының 220 кВ-қа жүктелуі	Қыс Жаз	170 130	200 170	170 130


Қуат балансы график түрінде келесідей:



2.7 сурет - АЭС генераторларының қуаттарын өндіру графигі



2.8 сурет - Өзіндік мұқтаж жүктеме қуатының графигі



2.9 сурет - 110 кВ ТҚ-ғы жүктеме графигі

2.5 Трансформаторларды таңдау

Трансформаторлардың қуатын анықтау :

$$S_{T-1,2} \geq \frac{P_{T-1,2}}{\cos \varphi_{НОМ.Г}}; \qquad (2.10)$$

$$S_{T\text{-}1,2} \geq \frac{300}{0{,}85} = 352{,}941\ MBA.$$

Апаттық режимде:

$$S_{T-1,2} \geq \frac{P_{T-1,2}}{1{,}4 \cdot \cos \varphi_{НОМ.Г}}; \qquad (2.11)$$

$$S_{T1,2} \geq \frac{300}{1{,}4 \cdot 0{,}85} = 255{,}1\ MBA.$$

Алынған мәліметтерді қолдана отырып екі ТДЦ (ТЦ)-400000/220 типті күштік трансформаторларды таңдаған жөн. ТДЦ (ТЦ)-400000/220 трансформатор параметрлерін 2.11 -ші кестеге енгіземіз.

2.11 кесте - ТДЦ (ТЦ)-400000/220 типті күштік трансформатордың параметрлері [Ә12]

$S_{ном}$,МВА	400
Орам кернеуі ЖК ,кВ	242
Орам кернеуі ТК ,кВ	20
Тр-рдың шығыны $P_х$, кВт	280
Тр-рдың шығыны ЖК-ТК $P_к$, кВт	870
$U_к$,%	11
$I_х$,кА	0,45

Авторансформатор келесі шартты қанағаттандыру керек.


$$S_{AT} \geq \frac{P_{AT}}{\cos \varphi_{НОМ.Г}}; \qquad (2.12)$$

$$S_{AT1} \geq \frac{200}{0{,}85} = 235{,}294\ MBA.$$

Алынған мәліметтер бойынша АТДЦТН-250000/220/110 типті автотрансформаторын таңдаған жөн. Автотрансформатордың параметрлерін 2.12-ші кестеге енгіземіз.

2.12 кесте - АТДЦТН-250000/220/110 типті автотрансформатордың параметрлері [Ә12]

$S_{ном}$,МВА	250
Орам кернеуі ЖК ,кВ	230
Орам кернеуі ТК ,кВ	121
Тр-рдың шығыны $P_х$, кВт	220
Тр-рдың шығыны $P_к$, кВт	1050
$U_к$,%	12
$I_х$,	0,3
$S_{нн}$,МВА	500



2.10 сурет - 2-ші нұсқа бойынша АЭС-ның құрлымдық сұлбасы

2.6 Екінші нұсқа бойынша трансформаторларының электр энергиясының жылдық шығынын есептеу

2-ші нұсқа үшін жылдық шығындар:
Қыс – 190 тәулік, жаз– 175 тәулік (шартты түрде).

2.13 кесте - ТДЦ(ТЦ)-400000/220 типті күштік трансформатордың параметрлері

Тр-рдың шығыны $P_х$, кВт	280
Тр-рдың шығыны ЖК-ТК $P_к$, кВт	870
$U_к$,%	11
$I_х$,кА	0,45

Әрбір трансформатордың болаттағы энергияның жылдық шығыны. Сұлбада екі бірдей трансформатор болғандықтан энергияның жылдық шығынын 2 көбейтіп шығарамыз.

$$\Delta W_Б = P_{Б.Ж.} \cdot 8760;$$

$$\Delta W_Б = P_{Б.Ж.} \cdot 8760 = 2 \cdot 280 \cdot 8760 = 4905{,}6 \cdot 10^3 \; кВт \cdot сағ.$$

Трансформатордың мыс орамындағы энергияның жылдық шығыны.

$$\Delta W_М = \frac{P_{КТ}}{S^2_{ном} \cdot \cos^2 \varphi} \cdot (P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot K_у + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot K_у +$$

$$P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot Ж_у + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot Ж_у) = 2 \cdot \frac{870}{400^2 \cdot 0{,}85^2} \cdot (239{,}7^2 \cdot 16$$

$$\cdot 190 + 282^2 \cdot 8 \cdot 190 + 183{,}3^2 \cdot 16 \cdot 175 + 239{,}7^2 \cdot 8 \cdot 175) = 9010{,}596 \cdot 10^3 \; кВт \cdot сағ.$$

Енді 2-ші нұсқа үшін автотрансформатор түрі АТДЦТН-250000/220/110 үшін энергиясының жылдық шығыны.

2.14 кесте - АТДЦТН-250000/220/110 кВ автотрансформаторының техникалық деректері

Түрі	$S_{ном}$, МВА		Шығын, тг				Бағасы, тг
	Автот-р	ТК орамы	$Р_{БЖ}$	$U_{тк}$			
				жк-ок	жк-тк	ок-тк	
АТДЦТН-250000/220/110	250	125 100	120	11	32	20	750000

Трансформатордағы болаттың энергияның жылдық шығыны.

$$\Delta W_Б = P_{БЖ} \cdot 8760; \qquad (2.13)$$

$$\Delta W_Б = P_{БЖ} \cdot 8760 = 120 \cdot 8760 = 1051{,}2 \cdot 10^3 кВт \cdot сағ.$$

Трансформатордың мыс орамындағы энергияның жылдық шығыны.

$$P_{КТЖК} = P_{КТОК} = 0{,}5 \cdot P_{КТЖК\text{-}КТОК}\,; \qquad (2.14)$$

$$P_{КТЖК} = 0{,}5 \cdot 120 = 60\ кВт.$$

$$\Delta W_{МЖЖ} = \frac{P_{КТ}}{S^2_{ном} \cdot \cos^2 \varphi} \cdot (P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot K_y + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot K_y +$$

$$P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot Ж_y + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot Ж_y) = \frac{60}{250^2 \cdot 0{,}85^2} \cdot (170^2 \cdot 16 \cdot$$

$$190 + 200^2 \cdot 8 \cdot 190 + 130^2 \cdot 16 \cdot 175 + 170^2 \cdot 8 \cdot 175) = 314{,}459 \cdot 10^3\ кВт \cdot сағ;$$

$$\Delta W_{МОО} = \frac{P_{КТ}}{S^2_{ном} \cdot \cos^2 \varphi} \cdot (P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot K_y + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot K_y +$$

$$P^2_{ТР(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot t_{(0\text{-}12)+(20\text{-}24)} \cdot Ж_y + P^2_{ТР(12\text{-}20)} \cdot t_{(12\text{-}20)} \cdot Ж_y) = \frac{60}{250^2 \cdot 0{,}85^2} \cdot (170^2 \cdot 16 \cdot$$

$$190 + 200^2 \cdot 8 \cdot 190 + 130^2 \cdot 16 \cdot 175 + 170^2 \cdot 8 \cdot 175) = 314{,}459 \cdot 10^3\ кВт \cdot сағ\,;$$

$$\Delta W_М = \Delta W_{МЖК} + \Delta W_{МОО}\,; \qquad (2.15)$$

$$\Delta W_М = (314{,}459 + 314{,}459) \cdot 10^3 = 628{,}918 \cdot 10^3\ кВт \cdot сағ.$$

Ескертпе:екі нұсқада да автотрансформатор АТЗ апатық жағдайға ұшыраған жағдайда жүктемеге қорек көзін қамтамасыздандыру керек. Сондықтан ОКТҚ және ЖКТҚ арасына АТДЦТН-250000/220/110 резервтік автотрансформаторын қоямыз және таехно – экономикалық көрсеткіште ескермеуге болады.

2.7 1-ші және 2-ші нұсқаларды технико-экономикалық салыстыру

2.15 кесте - Күрделі қаржы салымдарының сипаттамасы

Электр қондырғылар	Бірліктің есеп құны, ш.б.	1-нұсқа		2-нұсқа	
		Бір.саны дана	Қосынды, ш.б.	Бір.саны, дана	Қосынды, ш.б.
Трансформатор ТДЦ-400000/110	1865·1,5	1	2797,5	-	-
Трансформатор ТДЦ-400000/220	1725·1,3	1	2242,5	2	4485
Автотрансформатор АТДЦТН-250000/220/110	1400·1,3	2	3640	2	3640
110 кВ ТҚ-ға ұяшық	38·5	2	380	1	160

2.15 – кестенің соңы

Электр қондырғылар	Бірліктің есеп құны, ш.б.	1-нұсқа		2-нұсқа	
		Бір.саны дана	Қосынды, ш.б.	Бір.саны дана	Қосынды, ш.б.
220 кВ ТҚ-ға ұяшық	124·5	2	1240	3	1860
Барлығы:			10300		10145

1- ші нұсқа үшін:

$\Delta W_Б = (2803,2 + 2452,8 + 1051,2) \cdot 10^3 = 6307,2 \cdot 10^3 кВт \cdot сағ$;

$\Delta W_М = (4673,496 + 4505,298 + 367,653) \cdot 10^3 = 9546,447 \cdot 10^3 кВт \cdot сағ$;

$\Delta W = \Delta W_Б + \Delta W_М = (6307,2 + 9546,447) \cdot 10^3 = 15853,647 \cdot 10^3 кВт \cdot сағ.$

2- ші нұсқа үшін:

$\Delta W_Б = (4905,6 + 1051,2) \cdot 10^3 = 5956,8 \cdot 10^3 кВт \cdot сағ$;

$\Delta W_М = (9010,596 + 628,918) \cdot 10^3 = 9639,514 \cdot 10^3 кВт \cdot сағ$;

$\Delta W = \Delta W_Б + \Delta W_М = (5956,8 + 9639,514) \cdot 10^3 = 15596,314 \cdot 10^3 кВт \cdot сағ.$

2.16 кесте - 1-ші және 2-ші нұсқаның шығындарын салыстыру

Шығындар	1-нұсқа	2-нұсқа
1.Есептік қаржы салымы, ш.б.	10300	10145
2.Амортизацияға шығару	0,084 · 10300 = 865,2	0,084 · 10145 = 852,18
3.Энергия шығынының құны Uшығ, ш.б.	0,0115 · 15853,647 = 182,317	0,0115 · 15596,314 = 179,357
4. Минималды шығынды келтіру *З min*, ш.б.	0,12 · 10300 + 865,2 + 182,317 = 2283,517	0,12 · 10145+ 852,18 + 179,357 = 2248,937


1-ші және 2-ші нұсқаларды өзара салыстырып, айырмашылығын келесі өрнекпен анықтаймыз:

$$З_{min\%} = \frac{2283{,}517 - 2248{,}937}{2283{,}517} \cdot 100\% = 1{,}5\ \% < 5\%.$$

1-ші және 2-ші нұсқаларының айрмашылығы 1,5 % пайыз болғандықтан 2-ші нұсқаны таңдаймын.

2.8 Қысқа тұйықталу тоқтарын есептеу

Қысқа тұйықталу тоқтарын есептеуді ыңғайлы қылу үшін алмастыру сұлбасын құрамыз. Электр станцияның құрлымдық сұлбасына байланысты алмастыру сұлбасы келесі түрде болады.



2.11 сурет - АЭС-ның құрлымдық сұлбасының алмастыру сұлбасы

Г1, Г2 генераторларының кедергілері:

$$X_{Г1} = X_{Г2} = X''_d \cdot \frac{S_{баз}}{S_{ном}} = 0{,}195 \cdot \frac{1000}{352{,}941} = 0{,}5525\ сб. \qquad (2.16)$$

Т1, Т2 трансформатордың кедергісі :

$$X_{m\%} = U_{k\%} = 11\%;$$

$$X_{T1} = X_{T2} = \frac{U_{k\%} \cdot S_{баз}}{100 \cdot S_{ном}} = \frac{11 \cdot 1000}{100 \cdot 40} = 0,\ 263\ сб. \qquad (2.17)$$

Автотрансформатор кедергілері:

$$X_{ТЖ\%} = 0,5 \cdot (U_{кж\text{-}т\%} - U_{ко\text{-}т\%}) = 0,5 \cdot (\ 32 - 20\ ) = 6\%;$$

$$X_{ТО\%} = 0,5 \cdot (\ U_{ко\text{-}т\%} - U_{кж\text{-}т\%}\ ) = 0,5 \cdot (\ 20 - 32\ ) = -\ 6\%\ ;$$


$$X_{АТ1} = \frac{X_{ТВ\%} \cdot S_{баз}}{100 \cdot S_{ном}} = \frac{6 \cdot 1000}{100 \cdot 250} = 0,24\ сб; \qquad (2.18)$$

$$X_{АТ2} = \frac{X_{ТН\%} \cdot S_{баз}}{100 \cdot S_{ном}} = \frac{0 \cdot 1000}{100 \cdot 250} = 0. \qquad (2.19)$$

Желі кедергісі :


$$X_{Л1} = X_{Л2} = \frac{X_{сал} \cdot l \cdot S_{б}}{U^{2}_{СР}} = \frac{0,4 \cdot 40 \cdot 1000}{220^{2}} = 0,33\ сб. \qquad (2.20)$$

К-1 қысқа тұйықталу тоғын есептеу



2.12 сурет - Станцияның құрлымдық сұлбасының алмастыру сұлбасы

Жоғарыда көрсетілген сұлба бойынша ОҚТҚ таратушы шинасына электр қозғаушы күші (ЭҚК) әсер етпегендіктен автотрансформатор кедергілерін ескермейміз. Сондықтан сұлбаны келесі түрге енгізуге болады.



2.13 сурет - Станцияның алмастыру сұлбасының қарапайымдатылған түрі


Г2,Т2 генераторы мен трансформатор тізбектей орналасқан :

$$X_{Г2\text{-}Т2} = X_{Г2} + X_{Т2} = 0{,}5525 + 0{,}263 = 0{,}8155 \ сб.$$

Желі өзара параллель ораналасқан:

$$X_{Л1\text{-}2} = X_{Л1} // X_{Л2} = 0{,}33 / 2 = 0{,}165 \ сб.$$

Берілген алмастыру сұлбасын қарапайым және оңай түрге келтіру мақсатында кедергілерді келесі түрге енгізіп есептейміз.




2.14 сурет - Түрлендірілген алмастыру сұлбасы

Сұлбаны қарапайымдату мақсатында кедергілерді өзара біріктіреміз:

$$X_1 = X_{Г2\text{-}Т2} \,//\, X_{Л1\text{-}2} = \frac{0{,}8155 \cdot 0{,}165}{0{,}8155 + 0{,}165} = 0{,}137 \; сб;$$

$$X_2 = X_1 + X_{Т1} = 0{,}137 + 0{,}263 = 0{,}4 \; сб.$$



2.15 сурет - Түрлендірілген алмастыру сұлбасы

К-1 нүктесінде ҚТ тоғы:

